

## Молдашев Байдақ

1926 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Сартал ауылдық кеңесіне қарасты №1 ауыл Шақпақ деген жерде дүниеге келген. Аманкелді ауданы орталығындағы орта мектепте оқып білім алған. 1944 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, 618-дивизияның 44-атқыштар полкінде Румыния жерін азат етуге қатысып, соғысты Одер өзеніне жақындағанда аяқтаған. Армия қатарында 1947 жылға дейін болған. Елге оралған соң аудандық оқу бөлімінде, аудандық коммуналдық шаруашылық мекемелерінде есеп қызметінде істеп, зейнеткерлікке аудандық оқу бөлімінің бас есепшілігінен шыққан. Есеп қызметі мен қатар, ақындық дарындығының нәтижесінде «Көк шағыр» поэмасы, «аманкелді түлектері», «Достық» атты өлең жырлары жеке кітап болып шықты. Соғыстағы ерліктері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен және басқада мерекелік медальдармен марпатталған. 1994 жылы қайтыс болған.



